

**«Жұмабек Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің
2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығында
атқарған жұмыстарының есебі**

2023-2024 оқу жылының 1-11 сыныптар арасында 21 сынып бірлігінде 394 оқушымен басталды. I-жартыжылдық соңында 21 сынып бірлігі 391 оқушымен аяқтадық. Оқу жылының басында 2020-2021 оқу жылына арналған тәрбие жоспары құрылып, тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері айқындалды.

**2023-2024 оқу жылындағы тәрбиенің мақсаты мен міндеттері:
Құндылықтар: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ. АР-ҰЯТ. ТАЛАП.**

Мектептің стратегиялық мақсаты: Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға қажетті ресурстарды жетілдіру.

Тәрбиедегі стратегиялық міндеттері:


1. Оқушыға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, кемсітуге жол бермеу;
2. Білім алушылардың үйлесімді дамуы үшін эмоционалды-интеллектуалды орта құру;
3. Ата-аналармен, қоғаммен, сыртқы ортамен тиімді коммуникация орнату;
4. Ұлттық құндылықтар негізінде жаһандық жаңалықтарға үлес қосатын патриот азаматтар қалыптастыруға бағытталған тәрбие кеңістігін қалыптастыру;

Тәрбие мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
 3. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу
 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу
- Күтілетін нәтиже: 1. Ата –анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрлерді біледі оны сақтайды
 3. Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі, ар ұятты жоғары бағалайды.
 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоцияналды жай күйін басқарады.
 5. Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ АР – ҰЯТ ТАЛАП



Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы:

«ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ЖАҢАША ҰЙЫМДАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ»

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектеп оқу-тәрбие процесінің құндылықтарға негізделгендігін пайдалана отырып, **толық адам моделін** құрастыруға бағыттау. Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы жүргізілетін іс-шаралар кеңінен жоспарланды. Ата-аналармен бірлесіп атқаратын жұмыстардың жоспары бекітілді.

1 қыркүйекте барлық білім беру ұйымдары «Мектебім-мейірім мекені» да еліміздің тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату, ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру, қоғамда өздерін көрсете және өз еліне пайдалы бола алатын, Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін білім алушы –патриот тәрбиелеу. Сынып сағаты барысында оқушылар тәуелсіздік жылдарының жетістіктерін еске түсіріп, жетістікке жету жолында атқарылған істер талқыланды. Оқушылар ел, жер, Отан туралы нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер айтты.



Тілдер күніне орай мектебімізде «Тіл-достықтың тірегі» тақырыбында өткізілді.

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың тіл жайында білімдерін тереңдету;

Сөздің қорын, ой - өрісін дамыту;

Тілді қадірлей білуге, патриоттық сезімге баулу.

**«Ж.Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің Қазақстан халқының
тілдері күні мерекесіне орай 2023 жылғы
5-15 қыркүйек аралығында өтетін онкүндік аясындағы іс-шаралар
ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралардың атауы	Сынып	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Қазақстан халқының тілдері күні мерекесінің «Тіл-достықтың тірегі» ашылу салтанатты жиыны	9-11	5- қыркүйек	Тіл мамандары ӘБ жетекшісі: Елтаева А.Ж.
2.	«Қызықты сұрақ - жауап» ойыны	1-11	5-15 қыркүйек	Гуманитарлық пәндер бірлестігі
3.	«Funny break»	1-11	5-15 қыркүйек	Әмзе М.З.
4.	«Kazakh public figure and the great orator - Tole Biy» Quest ойыны	6	7- қыркүйек	Сейлбекова А.К. Байкабулова Ж.М. Манапов А.Т. Әмзе М.З.
5.	"Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, ақын, ойшыл, ғұлама -Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл" дөңгелек үстел	10	8- қыркүйек	Саржанова А.М.
6.	«Торайғаров Сұлтанмахмұт» атты іс-шара	10	11-қыркүйек	Арыкпаева Г.Б.
7.	«Қызықты қазақ тілі» (сайыс сабақ)	5	11- қыркүйек	Жұмабай Т.И.
8.	"Язык – душа народа» дебат	4	12- қыркүйек	Кулбаева С.С. Елтаева А.Ж.
9.	«Жүсіпбек Аймауытов 135 жыл» эссе жарысы	9-11	13- қыркүйек	Жусупбекова А.Қ.
10.	«Алаш азаматтарын ұлықтау» атты іс-шара	8-11	13- қыркүйек	Саржанова А.М. Жусупбекова А.Қ. Жұмабай Т.И.
11.	«Шәкірім,Мағжан оқулары» мәнерлеп оқу сайысы	8-11	14-қыркүйек	Саржанова А.М. Жусупбекова А.Қ. Жұмабай Т.И.
12.	«Тіл-достықтың тірегі» Жабылу салтанаты	8-11	15- қыркүйек	Гуманитарлық пәндер бірлестігі

Ана тілім, дана тілім, бақ тілім,

Сенсіз бақыт дүниеден тапты кім?


Сенсің менің қуанышым, шаттығым,

Сенсің менің тазалығым, пәктігім.

Әр адам өзінің тілін шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап құлағына сіңіруі тиіс. Себебі, тілін білген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Өйткені, мемлекеттік тіл елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселе.

5-15 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасының Тілдер күні мерекесіне арналған «Тіл-достықтың тірегі» атты тілдер апталығы өтті. Бұл апталықта іс-шаралар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өткізілді.

5- қыркүйек салтанатты жиын Қазақстан Республикасының Әнұранымен ашылды. Жиында сөз алған директор Байдилдина Г.М. тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі мәртебелі де тұрақты болып, өрістеп дамуына үлес қосу – жас жеткіншектердің жауапкершілігінде болатын міндет екендігіне тоқталып, ана тіліміздің мерейлі мерекесімен құттықтады.



Тәуелсіздігіміздің тұғырына көтерілген жылдар ішінде елдің бірлігі артқандай. Елімізде ұлтымыздың ұлы тілімен қатар әлемдік тілдердің де құндылығы жоғары. Қазақ балаларының өзге тілді меңгергеніне қуанып, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілінде сөйлеп, білім алып жатқанын көргенде, бір жасап қаламыз. Ұстаздар қауымының басты міндеті – шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, болашақ ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру.

5-15 қыркүйек «Қызықты сұрақ - жауап» ойыны және «Funny break» іс-шара өткізілді. Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілетін, есте сақтауын қалыптастыру мақсатында логикалық сұрақтарды шығару.



7- қыркүйек 6 сыныптар арасында «Kazakh public figure and the great orator - Tole Biy» Quest интеллектуалды квест ойыны өткізілді. Ойында командалар өздерінің ағылшын тілінен алған білімдерін таразыға салды. Оқушылар жасырылған жауаптарды анықтап, дайындалған алты

турдан өтті. Жарыста ба сыныбы алдыға шығып, бә мен бб сыныптары тең ұпай жинап 2 орынды иеленді.



8 - қыркүйек қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Саржанова А.М. "Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, ақын, ойшыл, ғұлама - Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл" дөңгелек үстелін өткізді.



11-қыркүйек «Торайғаров Сұлтанмахмұт» атты іс-шара орыс тілі пәні мұғалімі Арықпаева Гүлзира Бостановна өткізді.





11 қыркүйек күні “Тіл-достықтың тірегі” атты онкүндік жоспар аясында “Қызықты қазақ тілі әлемі” жобасы бойынша 5 А сынып оқушыларының арасында “Тездет, бірақ қателеспе” ойыны өтті.

Қатысушылар қойылған сұрақтарға “иә” немесе “жоқ” деп шапшаң жауап берулері тиіс. Ойын өте қызық форматта өтті.



12-қыркүйек "Язык – душа народа» атты атты іс- шара 4 сыныптар арасында дебат сайысы өткізілді.



13 - қыркүйек «Жүсіпбек Аймауытов 135 жыл» тақырыбына 9 – 11 сыныптар арасында эссе жарысы өткізілді. Шығармашылығын дамытатын бұл тамаша жұмыстарының қорытындысы бойынша оқушылар алғыс хаттарға ие болды.



13 - қыркүйек «Алаш азаматтарын ұлықтау» атты іс-шара өтті. Оқушыларға халқының тарихын қадірлеуге, ұмытпауға, елін, туған жерін сүюге, ұлы тұлғаларды қадірлей білуге деп ұйымдастырылған іс- шара жоғары деңгейде өткізілілді.

14- қыркүйек «Шәкірім, Мағжан оқулары» мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Әр сыныптан қатысқан оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, оза шапқандары жүлделі орындарға ие болды және аудандық кезеңіне өткізілілді.



15- қыркүйек «Тіл-достықтың тірегі» атты апталықтың жабылу салтанаты өтті. 05-15 қыркүйек аралығында өткізілген іс-шараларға белсене қатысқан оқушылар сыйлықтар мен алғыс хаттарға ие болды.




Түйіндей келе, бұл шаралар осы мекемемен шектеліп қалмай, әрі қарай өз жалғасын табады деп ойлаймыз. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Ұлттың тілі - сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан ғана сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?» - деп тура айтқан. Олай болса, тілімізді қадірлей білейік!

4 қыркүйек күні мектебімізге Аршалы ауданының ІІББ қызмекерлері 8-11 сынып оқушыларына "Құқық бұзушылық және олар үшін жауапкершілік шаралары" атты іс - шара өткізді. Құқық бұзушылық – бұл адамның әрекет етуінен немесе әрекетсіздігінен байқалатын қылық.



#ТОҒЫЗ АЙ-ТОҒЫЗ ІС-ШАРА СПОРТ КҮНІ

Мақсаты: Оқушыларға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, басты байлық екенін ұғындыру. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту. Тазалыққа, спортқа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.



Сынып оқушылары мектепшілік спорттық шараларға белсене қатысады. Ұстаздар оқушылар арасында ұйымдастырылған волейбол жарысына белсене қатысып, жүлделі орын иеленді.



Отбасы күніне орай мектебімізде ата-аналармен спорттық іс-шара өткізілді. Спорттық жарыстар ұлттық құндылық негізінде ұйымдастырылды.

Оның ішінде: Арқан тартыс, асық ату, кол күресі, садақ ату және халық әуенін табу ойындары болды.

Жарыс соңында әр сынып ата-аналарына орындар бойынша мадақтамалар берілді .

Қорытындысы

10 сынып, 7 «Ә»- 1 орын; 9 «Ә», 5 «А» 6 «А»- 2 орын; 9 «А», 7 «А» -3 орын; 8, 6 «Ә» - 4 орын;



Отбасы күніне орай бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларының ата-аналары арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында волейбол жарысы ұйымдастырылды. Жарыс қорытындысында:

1-орын-3 «А», 5 «А», 9 «А»

2 орын -1 «Ә», 5 «Ә», 10

3 орын- 4 «А», 2 «А», 7 «Ә», 9 «А»



Мектебімізде 20-ші қыркүйек күні Республикалық балалар оқулар байқауының аудандық кезеңі өтті. 10-сынып оқушысы Құрманғазы Іңкәр ІІІ орын, 8-сынып оқушысы Ауғанбай Назым ІІ орын, 9 «Ә» сынып оқушысы Жандулла Жанерке ІІ орын, 10-сынып оқушысы Ибраева Мөлдір ІІ орын иеленді.




Мектебімізде 15-ші қыркүйек күні 5-6 сынып оқушылары арасында мектепшілік математика пәні олимпиадасы болып өтті



Аршалы ауданының прокуроры Турсунбай Д.Д. және полиция лейтенанты Мұсабеков Н.У. 2023 жылдың 20 қыркүйегінде мектебіміздің оқушыларына «Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі», «Қорқыту/кибербуллинг» және кәмелетке толмағандардың мінез-құлқы тақырыптарында профилактикалық әңгіме жүргізді.

https://www.instagram.com/p/CyZGD_2Ialw/?igshid=bGFvdjF5dzNkejg3



Қыркүйек айының 19-ы мектебімізде 8-11 сынып оқушылары арасында Алтынбай Шерхан Ералыұлы -Жастар Ресурстық орталығының директоры және Нұрмағаметұлы Дәуірбек - жастар ресурстық орталығының теолог маманымен кездесу жүргізілді. Іс-шара барысында оқушылармен "Діни білім" негізінде ақпараттар айтылды
https://www.instagram.com/p/CxXp9Q1N_xJ/?igshid=MTZ6OW1leTRuenk1dA==



28-қыркүйек күні мектебімізде "Азаматтық қорғаныс, және төтенше жағдайлар" кезінде оқушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша оқу-жаттығуы ұйымдастырылды.
<https://www.instagram.com/reel/Cxu5nPCoHAy/?igshid=MTZkZDJ4OXJtb3M0>



Терроризм мен экстремизмнің алдын алу шаралары



8-11 сынып оқушыларының қыздар арасында жеке жиналыс өткізілді. Жиналыстағы ақпараттарды- мектеп медбикесі, психологы және аға-тәлімгер берді. Қазіргі таңда ауқымды болып жатқан " Буллинг , Кибербуллинг", "Жеке бас гигиенасы", "Әлеуметтік желінің қауіпті тұстары" және тағы басқа тақырыптар айтылды. Жиналыстың басты мақсаты: Жасөспірім жастағы қыздарды дұрыс бағыттау, қауіп-қатерлерден алшақ болуға ескерту



Мектеп оқушыларымен жол ережесі және қоғамдық көлікте(автобуста) қауіпсіздік ережелерімен таныстыру



Мектептегі тамақтану сапасының мониторинг комиссиясы құрамы күнделікті асхана тағамдарының сапасын бақылау бойынша жұмыстарын жүргізуде. Мақсаты: балалардың тамақтану сапасын бақылау

<https://www.instagram.com/p/CyAZI18oQUX/?igshid=N3cyN2tqMG5lYXV1>



21 қыркүйек еңбек айына байланысты 8-11 сынып оқушыларымен мектеп ауласында сенбілік өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды еңбекке, тазалыққа дәріптеу.



Шығармашыл оқушылар арасындағы "Ақберен" өнер байқауының аудандық кезеңінде мектебіміздің оқушылары қатысып жүлделі орындарға ие болды.

"Эссе жазу" номинациясы бойынша 10-сынып Құрманғазы Іңкәр- алғыс хат, 11-сынып Бекбауыл Балжан -II орын, Ғанибаева Ұлболсын-I орын,

"Ұлттық аспапта өнер көрсету" номинациясы бойынша 9 -сынып оқушылары Өмірбекұлы Нұрасыл- II орын, Совет Нұрбай -I орынға,

"Ақындар мүшайрасы" номинациясы бойынша 10- сынып оқушысы Жанарбек Айдос -II орынға ие болды.

<https://www.instagram.com/p/Cxvca6mor5Z/?igshid=ZzdsNGd3cHE0YXcw>



Мектебімізде 20 қазан күні Республикалық "Алтын түлек" олимпиадасының мектепшілік кезеңі өткізіліп,

10 сыныптан -6 оқушы, 11 сыныптан -4 оқушы қатысты.10 сыныптан аудандық кезеңге өткен оқушылар:

- 1.Ильясов Бағжан
- 2.Курмонбоев Төрежан
- 3.Нұрланов Арсен
- 4.Серикбаева Аяулым

11 сыныптан аудандық кезеңге өткен оқушылар:

- 1.Ғанибаева Ұлболсын
- 2.Нурланова Томирис
- 3.Маратова Гулдана
4. Турехан Аружан

<https://www.instagram.com/p/CynzPDaoWek/?igshid=N2t1MnNxcHl2eHFy>



"Қарттарын қадірлеген ел ардақты"

<https://www.instagram.com/p/CxxdhoMIbGM/?igshid=MWI2c2pleGlcW9pYw==>

<https://www.instagram.com/reel/CxzUT1qIQiU/?igshid=MXhhc3M3YTh4Y2FhZw==>



Күз Ханзадасы мен Ханшайымы

<https://www.instagram.com/reel/CygFVOiIdfR/?igshid=MTlsb3l3dzF2ejF4aA==>

<https://www.instagram.com/p/CyZMcTBoAIM/?igshid=dXp1MW5rZnJ1N2Jm>



Серікпай Дархан, Абутай Алия.



Садырбек Ағзам, Амангелді Аяла


Аудандық 9-11 сынып мектеп оқушылары арасында волейболдан қыздар арасындағы ашық турнирінде 6 команда қатысып, мектебіміздің, қыздар құрама командасы -1 орын иеленді.



Ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу – басты міндет. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы демекші 9-11 сынып балаларына патриоттық тәрбие беру мақсатында әскери қызметкермен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге мектебіміздің 2018 жылғы түлегі, қазіргі таңда ҚР ҰҚК Шекара қызметкері Қасқатай Ибрагим келді. Сұхбаттасу барысында бітіруші сыныпқа еліміздегі әскери оқу орындарына үгіт-насихат жүргізіліп және де Ата заңда жазылғандай әрбір азамат Отан алдындағы борышын атқаруға міндетті екені айтылды. Кездесу соңында оқушылар өз борыштарын атқарудан жалтармайтындарын айтып, қызығушылықтарын білдірді. АӘТД пәні мұғалімі Қойшыбай Н. О.

#біртұтас_тәрбие #ogu_agartu_ministrigi #төрттоқсан-төртөнер#medetbekovameruert

#akmoedu https://www.instagram.com/p/CyOb_dNos3j/?igshid=dmRnMGN1anQydDho



Жұмабек Ташенов атындағы Республикалық турнирде 75 кг салмақта Қоянбаев Саят II-орын, 70 кг салмақта Совет Нұрбай II-орын, 75 кг салмақта Мұхит Абылай III-орынға ие болды. Үш палуан КМС атағына иеленді. Жаттықтырушы Ерназаров Асхат Қожахметұлы.

<https://www.instagram.com/p/Cx0SwjxIIEN/?igshid=MTZiaWx2dzd2OHJ0NQ==>



18-20 қазан аралығы, Сандықтау ауданы "Жас дәурен" балаларды сауықтыру лагерінде болған - "Көш көсемі-2023 және Мен елімнің ертеңімін" форумына өтті. Мектебімізден, Махаева Құралай

- 9"А" , Жұмабаева Гүлназ-10 сынып, Совет Нұрбай-9"Ә", Сағат Арғын-9 "А" сынып оқушылары форумға белсенді қатысып, сертификаттарға ие болды!

Өткізілген форум және іс-шаралардың арқасында оқушыларымыз өз білімдері мен өнерлерін одан әрі ашып, тәжірибемен бөлісіп келді.

<https://www.instagram.com/p/CyqS2MS01xY/?igshid=MXhwM252bTAyamFsZQ==>



Жұмабек Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2022 оқу жылында жүргізілген мектеп президентін сайлау қорытындысы бойынша көп дауысқа ие болған, және де биылғы жылы мектеп президентін тағайындау ережесіне сай, сонымен қатар оқушылар мен ұстаздар қалауымен Махаева Құралай екінші оқу жылына, яғни 2023 оқу жылының "Мектеп президенті" етіп тағайындалды!



25-қазан Республика күніне орай бастауыш сынып оқушылары арасында "Патриоттық әндер" байқауы өтті.

Қорытынды:

Бас жүлде-4 «А»

I орын- 2 «А», 2 «Ә»

II орын- 1 «Ә», 4 «Ә», 3 «А»

III орын – 1 «А», 1 «Б», 3 «Ә»

<https://www.instagram.com/reel/Cyz7f39oH77/?igshid=MzZnbWs1b3c5NDkz>



Балалардың жазғы сауықтыру демалысын үздік ұйымдастырғаны үшін Аршалы ауданы білім бөлімі басшысының І дәрежелі дипломымен және 45000 тг сертификатымен мектебіміздің «Бәйтерек» этнолагері марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CyWOUouIh7T/?igshid=MTUxZDkwDB0d2s4Nw==>



«Мектебім мейір мекенім» жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының

Өтілген күні: 27.10.2023 жылы сағат 17.00-да

Қатысқандар:

Мектеп әкімшілігі

Сынып жетекшілер

1-11 сынып ата-аналары

Барлығы – 325 ата-ана

Қонақтар:

1 Балкибеков Бағлан Нұрланұлы жергілікті полиция қызметі бөлімінің участкелік полиция инспекторы полиция капитаны

2 Мусабеков Нурсултан Нуржанович Аршалы ауданы бойынша ювеналды полиция инспекторы

3 Ахметова Баян Ерболовна Аршалы аудандық емханасының дәрігер-терапевті

4 Жолдасова Асель Толегеновна Аршалы аудандық емханасы басшысының орынбасары

5 Маханов Руслан Жағасбайұлы Аршалы ауданы білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері

6 Нурмуханова Гулнара Тулегеновна әйелдер құқығын тұрмыстық зорлық -зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы

Күн тәртібі

1 Алғы сөз – мектеп директоры Байдилдина Г.М.

2 I тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысы – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Саржанова А.М

3 I тоқсан бойынша тәрбие жұмысының қорытындысы – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әбдірайымова А.А.

4 Әр түрлі мәселелер



9-қараша Ақбұлақ орта мектебінде ұйымдастырылған, "КҮЗ ХАНЗАДАСЫ МЕН ХАНШАЙЫМЫ" атты аудандық байқауда мектебімізден- Серікпай Дархан мен Абутай Алия оқушыларымыз қатысып, аудан бойынша он бес жүп ішінен - "БАС ЖҮЛДЕЛІ" орынға ие болды




Аршалы кентінің әкімі- Иванюк Дмитрий Иванович қолдауымен мектебімізге 20 түп шырша берілді, мектеп ауласын көгалдандыру, табиғатымызды әсемдеу мақсатында мектеп оқушылары арасында сенбілік ұйымдастырылып, шырша түптері отырғызылды.



Мектебімізде 9-қараша күні 11-сынып бітірушілерінің ата-аналарымен жиналыс өткізілді. Күн тәртібінің басты мәселесі. Ұлттық бірыңғай тестілеу -2024 енгізілген өзгерістермен таныстыру. Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды



“Ақмола облысының білім басқармасы”ММ басшысы Ш.Ж.Оразалин жұмыс сапарымен Жұмабек Тәшенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебіне келіп, мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, оң бағасын берді.



Мектебіміздің жас құтқарушылар тобы Аршалы ауданы ішкі істер бөлімімен бірігіп жаяу жүргіншілерге және автокөлік жүргізушілеріне жол ережесін сақтау жөнінде жадынама таратты.



Мектебімізде 15 қараша - Ұлттық валюта күніне орай әдістемелік бірлестіктер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Ұлттық ойындар» сайысы өткізілді. Сайысқа бірлестік мүшелері белсене ат салысып, нәтижелі өнер көрсетті. Сайыс соңында әр бірлестікке орындар бойынша мадақтамалар берілді.

Қорытындысында:

Өнер бірлестігі - 1 орын

Кіші қызметкерлер бірлестігі - 2 орын

Гуманитарлық бірлестік – 3 орын

Жаратылыстану бірлестігі- 4 орын

Бастауыш бірлестігі- 5 орын иеленді.



17-қараша, Көкшетау қаласының Назарбаев зияткерлік мектебінде педагогикалық шеберлік орталығы ұйымдастыруымен - "Жас ұстаз-табысқа апарар жол" атты аймақтық слеті өтті. Мектебіміздің жас мамандары қатысып, тәжірибе алмасып келді. Қатысқан ұстаздар : орыс тілі пәні мұғалімі Елтаева Акерке Жаксылыковна, мектеп психологы Сағидуллаева Аружан Бекмұратқызы, ағылшын тілі пәні мұғалімі Әмзе Мадина Сайлаубекызы және аға тәлімгер Холмуратова Зенфира Турмухамматқызы.



21 қараша күні 8-10 сыныптар аралығында қазіргі таңда таралып жатқан қызылша және қызамық вирусы жайлы мектеп медбикесі Сарсенбева Қ.О оқушыларға алдын алу жолдарымен таныстырып өтті.



Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәннің саулығын және рухани саулығын сезіну.

22-ші қараша күні мектеп медбикесі Сарсенбаева Қамар Оралбайқызы.

"Тазалық-денсаулық кепілі" атты тақырыпта қыздар арасында ақпарат берді





2023 жылы 17 қараша күні “Айбын” облыстық әскери-патриоттық жиынына іріктеу мақсатында Аршалы ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен Ижев ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде әскери сайысы өткізілді. Сайысқа біздің мектептің 9-10 сынып оқушылары қатысып, жақсы нәтиже көрсетті. Және де қыздар арасынан үздік шығып, 9 сынып оқушысы Бегалықызы Ақниет “жалпыәскери қорғаныс жинақталымын кию” сайысынан І-орынды және “жатып пневматикалық винтовкадан ату” сайысынан ІІІ-орынды иеленді.



28-қараша күні ауданымызда өткен -"Біз Қазақстан балалары!" -атты мектептің өзін-өзі басқару ұйымдары мен көшбасшыларына арналған слетінде мектебіміздің парламент ұйымының оқушылары форумға белсенді қатысып, шығармашылықтарының арқасында- 2 дәрежелі орынға ие болды!



27-ші қараша күні “Жас сарбаз” үйірмесінің қатысушыларына өз Отанына деген адалдық сезімдерін оятып, атыс қаруына деген қызығушылығын арттырумен оны ұрыста дұрыс қолдануға үйрету мақсатында “Жас мергендер” пневматикалық мылтықтан оқ ату сайысы ұйымдастырылды. Қыздар арасынан І-орынды Бегалықызы Ақниет иемденсе, ұлдар арасынан І-орынды Сағат Арғын иеленді



Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында «Қазақстанның болашағы жастардың қолында» атты тақырыпта «Сөзмерген» жас пікірсайысшылары арасында мектепшілік пікірсайыстың жартылай финалы өткізілді.



Даналық мектебі "Ата - аналарды қолдау орталығының жұмысы" аясында мектебімізде, "Менің отбасымның дәстүрлері" тақырыбында ата- ана мен бала арасында қылқалам шеберлері байқауы ұйымдастырылды.

Бас жүлде- анасы Батырхан Рая мен баласы Дәулетбек Әл-Фараби 2 "А" сынып

1 орын- анасы Бектаева Ақмарал мен баласы Уайділдә Тоғжан. 1 "Б" сынып

1-орын - әкесі Хамитов Елубай мен баласы Серікбай Ақбота 4 "Ә" сынып

2- орын- анасы Хасенова Нұрбану мен баласы Ахметжанова Медина 3 "А" сынып

2-орын- анасы Нургавий Кенжегуль мен баласы Солтан Муслима 1"Ә" сынып

3-орын- әкесі Жарекеев Ғалым мен баласы Алдасберген Кәусар 1"А" сынып

3-орын- анасы Жаксыбекова Гүлмира мен баласы Аманов Ермұхаммед 2 "Ә" сынып

3-орын- анасы Шаханова Нұрлы мен баласы Серікқызы Зере 4 "Ә" сынып

<https://www.instagram.com/reel/C0RknO4ID2F/?igsh=MTg4YzdlOWJhanNqcg>



1-желтоқсан күні мектебімізде аудандық "Шахмат" ойынынан жарыс өткізілді. Ауданымыздың көптеген мектептері жарысқа белсене қатысып келді. Ж.Ташенов мектебінің 9-11 сынып оқушылары 15 команда және 7-8 сынып оқушылары 14 команда арасында жүлделі орындарға ие болды!



«Желтоқсан-Тәуелсіздік рухы»
танымдық көрмесі

«Болашаққа хат»
эссе жазу

«Желтоқсан оқиғасы –Тәуелсіздік бастауы» тақырыбында
11-сынып оқушыларына дөңгелек үстел өтті.



Психология апталығының тақырыбы: «Көңілді әлемге саяхат»

Мақсаты: Оқушылардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал ету.

2023 жылдың 4 желтоқсан күні “Көңілді әлемге саяхат” тақырыбында психология апталығы басталды. Апталықтың бірінші күнінде 1 қабатта психологиялық апталық бұрышы ұйымдастырылды.

Бірінші күні «Кемпірқосақ апталығы» бойынша ақ түсті күн ережесін сақтады.

Саптық жиында апталықтың ашылуы өтіліп мектеп директоры Г.М Байдилдина ұстаздар мен оқушыларға сәттілік тіледі. Мектеп психологы: Сембиева А.К апталықтың мақсаты мен жоспарын таныстырып белсенді қатысуға шақырды. «Мен бақыттымын» тақырыбында тренинг өткізіліп, күндеріне сәттілік тілеп, жақсы көңіл - күйде жүруге ұсыныс берілді.



Жоспар бойынша 4 желтоқсан күні "Көңіл-күй"смайликтер күні өтті.



Үзіліс уақытында оқушылардың зейін тұрақтылығы мен есте сақтауды, сөйлеу тілін дамытуды, интеллектуалды және шығармашылық дамуды жетілдіру, эмоционалды көңіл-күйін орнықтыру мақсатында мектеп парламентінен құрылған «Көңіл-күй комиссиясы» тобы мен психолог бастауыш сынып оқушыларымен кинесиологиялық жаттығулар жүргізілді.




Үзіліс уақытында оқушылармен көңілді ойындар 😊

Үзіліс уақытында оқушылармен көңілді ойындар 😊

Жоғары сынып оқушыларымен қоңырау уақыттарында сұрақ-жауап ойындары 😊

Үзіліс уақытында оқушылармен көңілді ойындар 😊





7-желтоқсан "Көңілді әлемге саяхат" психология апталығына орай "Тәтті көңіл-күй"жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларды еңбекке баулу, қарым-қатынас стилін қалыптастыру.Жәрмеңкеге 5-10 сынып оқушыларының көңілді аспаздары белсенді қатысып мектеп оқушыларына,ұстаздарға тәтті көңіл-күй сыйлады.



Мектептегі психология апталығына орай психолог: Сембиева А.К, кітапханашы: Абенова М.М ортаңғы буын оқушыларына "Өмірлік психология"тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды.

Мақсаты: Оқушыларды өзін тануға,әдеби кітаптар арқылы өмірді түсінуге баулу.



«Жақсы көңіл-күй километрі» 1-11 сыныптар аралығында акция өтілді. Акцияға ең белсенді 2 «А,2 «Ә», 3 «А» сыныбы қатысты.Сынып бойынша бейнероликтер шығарылып, әр сынып роликтерді жалғастырды.



4-8 желтоқсан аралығында 1-11 сыныптар аралығында «Кемпірқосақ апталығы» өтілді. Әр сынып күннің түсіне сәйкес келетін кез келген аксессуарды киіп, күн сайын қай сынып белсенді екенін бақыланды.






Сондай-ақ кемпірқосақ апталығына мектеп оқушылары белсенді қатысты






«Егер мен мейірімді болсам, адамдар үшін не істер едім» тақырыбында эссе байқауы өтіліп, үздік эсселер таңдалды.



Психология апталығына арналған қабырға газеттері мен көрмелер.



6-желтоқсан «Отырайық,сөйлесейік», «Ашық микрофон» акциясына арналған ашық есік күні өтілді. Ата-аналар,оқушылар, ұстаздар жеке сұрақтар бойынша кеңестер алды.



Психологтың қызметі, психология туралы қызықты ақпараттармен оқушылар танысты.



Апталықта өтілген іс-шаралар әлеуметтік желіге салынды.



Ұстаздармен «Өзіңді күт!» тақырыбында тренинг өткізілді.



"Өнерлі Ұлы Дала" облыстық халық қолөнері көрме байқауында "Шебер қолдар": сүйекті көркемдеп өңдеу номинациясында мектебіміздің 9-сынып оқушылары Серік Дамир жүлделі ІІ орынды, "Шебер қолдар":ағашты көркем өңдеу номинациясында Марат Әбілмансұр жүлделі ІІ орынды иеленді.Жетекшісі Ибадилдинов Ж.А.



«А.Байтұрсынұлы Білім Академиясы» мекемесі республикалық «Үздік оқырман» мұғалімдер байқауын жариялады. Байқау нәтижесі бойынша 2023 жылдың 17 желтоқсанында "Үздік оқырман" республикалық байқауының қорытындысы жарияланып 3 мыңнан аса қатысушы тіркеліп, 267 қатысушы іріктелген байқаудан Аскарова Дидар Укеновна жүлделі ІІІ орын, Ахметов Бегалы Ерболұлы ІІ орын иегері атанды.

Мемлекеттік рәміздерді насихаттау және оқушылар бойында патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында, мектебіміздің бастауыш сынып оқушылары арасында " Менің Отаным - Тәуелсіз Қазақстан " атты мәнерлеп оқу сайысы өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C1E1HkWoJZS/?igsh=MXE5aWJyZ3U3dDI0aA==>



Оқушылар бойында патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында, 5-11 сынып оқушылары арасында өткізілген "Мен елімді сүйемін "- патриоттық әндер байқауынан қз



<https://www.instagram.com/reel/C1KNg9coPWj/?igsh=MTNidzc5aWV5YmwzNg==>

Қош келдің, Жаңа жыл! ертеңгіліктер 1-11 сыныптар үшін ұйымдастырылды

<https://www.instagram.com/p/C1UzRWjoijK/?igsh=MTZqdGhuOHduMDJwdA==>

«Ж.Тәшенов атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің
Жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу кестесі.

Күні	Сынып	Уақыты	Өтетін орны
25.12.	1 сыныптар	13:00-14:00	Жастар орталығы
	2-сыныптар	14:30-15:30	
	3-сыныптар	16:00-17:00	
26.12.	4,5 сыныптар	13:30-14:30	
	6-сыныптар	15:00-16:00	
	7,8 сыныптар	16:30-17:30	
27.12.	9-11- сыныптар	16:00-19:30	Мектеп асханасы

